

Қазақстан астығын мониторингілеуді және экспортқа ұйымдасқан түрде ілгерілетуді жүзеге асыру, сондай-ақ астықтың заңсыз шығарылуын бақылау және оған жол бермеу мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 24 қарашадағы № 149-ө
Өкімі

Қазақстан астығын мониторингілеуді және экспортқа ұйымдасқан түрде ілгерілетуді жүзеге асыру, сондай-ақ астықтың заңсыз шығарылуын бақылау және оған
ж о л б е р м е у м а қ с а т ы н д а :

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Күрішбаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Ақылбек Қажығұлұлы	шаруашылығы министрі, жетекші
Хасенов	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Сақташ Сатыбалдыұлы	шаруашылығы вице-министрі, жетекшінің
орынбасары	
Буць	- Қазақстан Республикасы Ауыл
Анна Александровна	шаруашылығы министрлігі Егіншілікті
	дамыту және фитосанитариялық
	қауіпсіздік департаментінің директоры
Каргин	- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Рүстем Боранбайұлы	министрлігі Егіншілікті дамыту және
	фитосанитариялық қауіпсіздік
	департаментінің сарапшысы, хатшы
Қанғалиев	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Айбат Жақсылықұлы	коммуникация министрлігі Көлік және
	қатынас жолдары комитетінің төрағасы
Мешітбаев	- Қазақстан Республикасы Көлік және
Амангелді Мұхтарұлы	коммуникация министрлігі Көлік және
	қатынас жолдары комитетінің сарапшысы
Біләлов	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Берік Сұлтанғазыұлы	министрлігі Криминалдық полиция
	комитетінің төрағасы
Бейіспеков	- Қазақстан Республикасы Қаржы
Өмірзақ Көбегенұлы	министрлігі Кедендік бақылау комитеті
	төрағасының орынбасары

- Мұқанов
Берік Бикенұлы
- Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) Экономикалық және қаржылық қылмыстарды ашу департаментінің басқарма бастығының орынбасары (келісім бойынша)
- Әлімқұлов
Еркеғали Амантайұлы
- Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға қарсы агенттік) Тауар нарықтарының мониторингі және талдау департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша)
- Жарқынбаев
Жасер Әзімханұлы
- Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
- Атыханов
Қанат Мырзахметұлы
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шекаралық бақылау бас басқармасы бірінші басқармасының бастығы (келісім бойынша)
- Оспанов
Ержан Жарлықасымұлы
- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шекаралық бақылау бас басқармасы бірінші басқармасының аға консультанты (келісім бойынша)
- Ысқақов
Аслан Маратұлы
- «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Сыртқы экономикалық қызмет және нарықтарды талдау басқармасының бастығы (келісім бойынша)
- Дүйсебаев
Мұхамеджан Жұмабекұлы
- «Қазақстанның астық одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
- Ган
Евгений Альбертович
- «Қазақстанның астық өңдеушілері және нан пісірушілері одағы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті (келісім бойынша).

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Қазақстан астығын мониторингілеу және экспортқа ұйымдасқан түрде ілгерілету, сондай-ақ астықтың жасырын шығарылуын бақылау

және оған жол бермеу мәселелері жөніндегі ұсыныстар әзірлесін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.Қ. Күрішбаевқа жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК